

# ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал

№ 3 (68)

НАУРЫЗ 2019



Әбдіжәміл  
НҰРПЕЙІСОВ:  
"ҚАЗАҚТЫҢ  
ЧЕХОВЫ"  
4-БЕТ

Қали СӘРСЕНБАЙ:  
"ЖАЗУШЫНЫҢ  
ЖҮРЕГІ"  
16-БЕТ

Сүлеймен  
ШАТҒАН:  
"БҰЛТСЫЗ КҮНГІ  
НАЙЗАҒАЙ"  
12-БЕТ

Рахымжан  
ОТАРБАЕВ:  
"БАС" романы  
72-БЕТ

**Рахымжан ОТАРБАЕВ:**

**«Сіздермен қанаттас өмір  
сүргеніме бақыттымын»**





МӘСКЕУ

Георгий ПРЯХИН,  
белгілі орыс жазушысы, баспагер

## ӨЗ ОТАНЫН ЛЕРМОНТОВША СҮЙДІ

Ол құдды әртістікі сияқты, ақалтекенің жалындай төгілген шашымен, жас жолбарыстың аяңындай жүрісімен ерекшеленетін. Ешкімге ұқсамайтын сондай бір ерекшелік оның жазуында да болды, болды деймін-ау, бар я болады да! Ара-тұра жаныңды қытықтайды, сонымен қатар, ол жерде ақиқат та, өткірлік те бар еді: оқып отырып, жан жарасын емдеуіңе хәм бір жеріңді аямай жаралап алуға да болады. Қазақстанның жаңа, я жаңаша ұлттық әдебиетін «Рахымжан Отарбаев» есімінсіз елестету қиын. Өз Отанын Лермонтовша сүйген, әдебиеттегі қарым-қатынасы канондық шеңберге де, хрестоматиялық қалыпқа да сыймайтын, кейде тіпті, еменге қарсы біткен бұтақтай жайсыздық туғызатын осы бір жазушының «Шыңғыс ханның көз жасы» шығармасын, өз басым, белгілі бір елдің ғана емес, сонымен қатар, біздің кешегі посткеңестік прозаның асқар шыңдарының бірі деп есептеймін. Жанрын халықтық ұғымға сай «зар» деп дәл анықтауға келетін осынау қысқа ғана ерекше дүниесі орыс тілінде алғаш рет «Юность» журналында жарық көрді.

Рахымжанның туған Атырауында Еуропа мен Азияны жалғап тұратын атақты көпір бар. Ре-

сейге арасы тым жақын қазақ Приволжьесінің тумасы (тіпті, өзі туған аудан орталығы Ганюшкино деп аталады) Рахымжан Отарбаев тек қана қазақ тілінде жазса да, қазіргі уақытта өзінің ең үздік шығармаларымен орыс пен қазақ арасын жалғайтын көпірге айналып отыр. Кітапқұмар Қазақстан мен кітапқұмар Ресей арасын, ұлтын «оқитындар» деп қана анықтауға болатын рухани еркін хәм ойлай білетін адамдар арасын жалғайтын көпір еді ол.

Дәл осындай еске алу сөздерін жазып отырам-ау деген ой ешқашан басыма келмепті: Рахымжан менен гөрі едәуір жас болатын. Өзім араласатын ортадағылардың ішіндегі ең жасы да өзі еді. Оның өмірден озуы — жеке өз басым үшін орны толмас қайғы. Қашан да адал дос бола білген ол қиын сәттерде маған я басқа достарына тектіге тән ұзыншақ, мықты алақанын нық созған кезі бір емес. Пьесалары көптеген әлем сахналарында қойылған драматург, Шығыста ғана емес, Еуропада да таныла бастаған, шынында да, ел мен елді жалғаушы көпір деп атауға болатын жазушы озды өмірден. Артында аңырап қалған бала-шағасының тірегі, орыс халқының адал досы кетті өмірден.

Жатқан жерің жайлы болсын, Рахымжан.



Рахымжан Отарбаевтың 55 жас мерейтойында,  
Мәскеуден келген делегация